

**«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде
«Менің отбасымдағы қазақ халқының дәстүрлері мен ғұрыптары»
республикалық интернет-байқауын қашықтықтан өткізу ережелері**

1. Жалпы ережелері

1. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде «Менің отбасымдағы қазақ халқының дәстүрлері мен ғұрыптары» республикалық интернет-байқауы (бұдан әрі - Байқау) мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен педагогтерді арасында қашықтықтан өткізіледі. Байқау ережелері келесідей мақсат-міндеттерін және тәртібін айқындайды:

2. Мақсаты: балалардың шығармашылық және көркем қиялын дамыту, талантты және дарынды балаларды анықтау, қолдау.

Міндеттері:

1) оқушылар бойындағы қазақ халқының салт-дәстүрлеріне, тарихына деген қызығушылықтарын қалыптастыру;

2) қатысушылардың қазақ халқының тарихына байланысты конкурс барысында творчестволық қабілеттерін дамыту;

3) білім алушыларды отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа және қазақ халқының салт-дәстүрлерін құрметтеуге тәрбиелеу.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК ұйымдастырып, өткізеді.

4. Байқаудың ұйымдастырушылары әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі мен тәртібі

5. Байқау жұмыстары **2017 жылдың 17 қарашасына дейін** konkurs.17@mail.ru электронды поштасына қабылданады.

2017 жылдың 17 қарашасынан кейін түскен байқау материалдары, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары **2017 жылдың 27 қарашасында** www.ziyatker.org сайтына орналастырылады.

6. Байқауға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы. Қатысушыларға сараптамалық қорытынды және рецензиялар берілмейді.

7. Байқауға қатысу үшін төмендегідей төлемақылар жүргізіледі:

Оқушылар үшін - **1500 (бір мың бес жүз)** теңге,

педагогтер үшін - **3000 (үш мың)** теңге.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

ҚР БҒМ «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

БИН 990140004733

ИИК KZ918560000005068448

БИК KСJВKZKX

Кбе 16

Төлемақы мақсатының коды: 859.

АО «Банк Центр Кредит»

Төлемақының аталуы: «Менің отбасымдағы қазақ халқының дәстүрлері мен ғұрыптары» байқауы.

Байқауға қатысушы (жіберуші) аты-жөнін, тегін міндетті түрде көрсету керек.

Байқауға қатысушылар konkurs.17@mail.ru электронды поштасына келесі құжаттарды міндетті түрде жіберулері қажет:

- 1) қосымшада көрсетілген форма бойынша өтінім;
- 2) сканерден өткізілген төлемақы түбіртегін немесе төлем тапсырмасы;
- 3) электронды түрде байқау жұмысы.

3. Байқау талаптары

8. Байқауға мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 7-17 жас аралығындағы білім алушылары, сондықтан педагогтердің арасында білім алушылары келесі жас санаттары бойынша қатыса алады:

- 7-10 жастағы кіші санат;
- 11-14 жастағы орта санат;
- 15-17 жастағы ересен санат;
- білім беру ұйымдарының педагогтары.

9. Байқау келесі номинациялар бойынша жүргізіледі.

1.«Әжелеріміздің сырлары» номинациясы. Бұл номинацияға қатысушылар, қазақ халқының ұлттық тағамдарын өздері даярлайды. Даярлау барысын 3-4 суретке түсіріп, ақпараттық жұмыстарымен салынуы қажет. Жұмыстарын электронды түрде JPEG форматында салынуы шарт. Графикалық файлдың көлемі 5 мегабайттан аспауы қажет.

Байқау жұмыстарын бағалау критерийлері:

- 1) тақырыпқа және байқау номинациясына сәйкес болуы;
- 2) тағам құрамының сәйкестігі болуы;
- 3) ұлттық тағамның әзірленуі техникалық-технологиялық картамен сәйкестігі;
- 4) жұмыстың эстетикалық талаптарға сай болуы;

2. «Салт-дәстүр және қазіргі заман» номинациясы. (Мейрамдар мен қоғамдық іс-шаралар). Әңгіме конкурсы.

Әңгіме мазмұнында оқушылар қазақ халқының ұлттық мейрамдары мен мерекелері кезінде жасалатын қызықты салт-дәстүрлерін әңгімелеп жазулары керек.

1) Жұмысты ресімдеуде қойылатын талаптар:

әңгіме мәтіні MSWord мәтіндік редакторда жазылады, қаріпі - Times New Roman; қаріп өлшемі - 14; ара қашықтығы - 1; екі шетінен - 2 см, азат жолдан шегініс – 1 см;

жұмыс көлемі – 3 бет (суреттерін қоса алғанда), форматы - А4.

Әңгімеге фотосуреттер қосуға болады. Фотосуреттер жеке фотоаппаратпен конкурс барысында немесе алдыңғы уақыттарды түсірілген бола алады. Фотосуреттерде автор есімі мен сурет атауы көрсетілуі керек.

Бағалау критерийлері:

- 1) ақпараттардың тарихи сәйкестігінің шынайылығы;
- 2) материалдардың бірегейлігі мен шығармашылдығы;
- 3) сауаттылығы.

3. «Дәстүрлерді сақтай отыра» мультимедиялық презентациясы.

Берілген номинация бойынша конкурстық жұмыстары төмендегідей құрылып, рәсімделеді:

Жұмыс MS PowerPoint құжаттық құрылымында жасалады. Слайд жеке ұлттық заттардың (қазақ ұлттық киім-кешектердің, ұлттық ыдыс-аяқтардың, ұлттық жиһаздардың) фотосуреттерінен, рулық, отбасылық ұлттық салт-дәстүрлер туралы ақпараттар мен тарихи ұлттық дәстүрлер көрініс табатын киноматериалдар құрастырылуы керек. Презентация 7 беттен аспауы шарт.

Бағалау критерийлері:

- 1) тақырыпқа және байқау номинациясына сәйкес болуы;
- 2) ру тарихына шынайылыққа сәйкестігі;
- 3) жұмыстың орындалу сапасы;
- 4) автордың жасы шығармашылық деңгейі сәйкес болуы.

10. Байқауға қатысушы бір және бірнеше номинация бойынша қатыса алады.

Әр номинация бойынша бір ғана жұмыс қабылданады. Әр номинация бойынша төлемақы бөлек төленеді.

11. Байқау жұмысының титул парағын ресімдеу тәртібі:

- облыс, аудан (қала), ауыл;
- білім беру ұйымы;
- байқау аталуы және номинациясы;
- автордың аты-жөні, жасы;
- жетекшінің аты-жөні;
- жетекшінің қызметі және жұмыс орны;
- email және байланыс мәліметтері

12. Байқауда басқа адамның және ғаламтор мәліметтерін пайдалануға қатаң тыйым салынады. Байқау жұмыстары ешбір сайтта жарияланбаған болуы керек.

4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

13. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежедегі дипломдармен, байқау жеңімпаздарының жетекшілері алғыс хатпен марапатталады, орынға ілікпеген қатысушыларға сертификаттар беріледі.

14. Байқау жеңімпаздарының дипломдары, олардың жетекшілеріне алғыс хаттар және қатысушыларға арналған сертификаттардың электронды нұсқалары <http://www.ziyatker.org/#!-/c10hg> сайтында автоматты түрде жүктеу мүмкіндігімен орналастырылады.

Анықтама алуға арналған телефондар: 8 (7172) 24-93-12, 87718307957

Онлайн дипломдар мен сертификаттарды жүктеу нұсқасы www.ziyatker.org → Республикалық іс-шара → байқау «**Менің отбасымдағы қазақ халқының дәстүрлері мен ғұрыптары**» → әрі қарай.

**Республикалық қашықтықтан өткізілетін интернет-байқауға
қатысуға өтінім**

Қатысушының аты-жөні	Жасы	Облыс, аудан (қала), ауыл, білім беру ұйымы; сыныбы, курсы)	Байқау, номинациялар және жұмыс атауы	Байланыс мәліметтері (ұялы телефон, эл. пошта)	Жетекшінің аты-жөні, бар болса, қызметі және жұмыс орны	Жетекшінің байланыс мәліметтері (ұялы телефон, эл. пошта)
1	2	3	4	5	6	7